

**Ресми рецензент Саржанова Ғалия Байжұмақызының**  
**«6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**Асылжанова Данагуль Ерболовнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп**  
**оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты**  
**диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Толығымен сәйкес келеді.  Тақырып білім беру үдерісін цифрландыру мен жаңғыртуға бағытталған "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы және "Цифрлық мұғалім" ұлттық жобасы мен 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының стратегиялық міндеттеріне сай келеді. Зерттеу шетел тілінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісіне заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді кіріктіреді, бұл педагогикалық ғылым мен практикаға елеулі үлес болып табылады. Сондай-ақ, диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына және ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспардың негізгі міндеттеріне, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауына (2022), «ҚР 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасына», сондай-ақ «Білім беруді дамыту тұжырымдамасына», ҚР «Жалпыға міндетті білім беру стандартына» (ЖМБС) негізделеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, өйткені, зерттеуде бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілер жан-жақты зерделенген.

			<p>Автор алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы коммуникативтік құзыреттілікті кезеңдеп дамыту моделін ұсынған және оны іске асыруға қажетті дидактикалық шарттарды айқындаған. Зерттеу нәтижесінде «EnglishLab» факультативтік курсының оқу-әдістемелік кешені мен «English for Fun» атты интерактивті электронды оқу құралы әзірленіп, оқу процесіне енгізілген. Жұмыстың теориялық маңыздылығы ұғымдық-терминологиялық аппараттың нақтылануымен және жаңа әдістемелік тәсілдермен негізделсе, практикалық құндылығы оның білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылуымен айқындалады. Тақырыптың маңыздылығы қажетті деңгейде <i>ашылған</i> және ізденуші бұл зерттеуді жүргізудің өзектілігін айқындап көрсете білген. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар маңызды болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  <b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертацияның мазмұны мен жаңалығы, сондай-ақ алынған нәтижелердің практикаға енгізілуі оның ғылыми-зерттеу қызметін дербес түрде орындағанын дәлелдейді. Зерттеу барысында ұсынылған теориялық тұжырымдамалар мен тәжірибелік мәліметтер жүйелі түрде құрылып, ғылыми пайымдаулар логикалық тұрғыдан негізделген. Автор зерттеудің барлық кезеңдерінде мәселені тұжырымдаудан бастап, модель құрастыру, әдістеме әзірлеу және нәтижелерді ендіруге дейін – өз бетінше ізденіс пен зерттеушілік ұстанымының <i>жоғары</i> деңгейін айқын көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <b>1) негізделген;</b>  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі <i>негізделген</i>. Бұл зерттеудің білім беру жүйесіндегі АҚТ-ны интеграциялау арқылы шетгілдік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін ашу өзектілігімен ерекшеленеді. Автор зерттеу проблемасын қазіргі білім беру саясаты мен бастауыш білім беру мазмұнын жаңғырту контекстінде дұрыс таңдап, оның ғылыми және практикалық маңызын дәйекті түрде негіздеген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p>	<p>Диссертацияның құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбын толықтай ашып, <i>айқындайды</i>. Үш тараудан тұратын</p>

		<p>1) айқындайды;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>жұмыс «коммуникативтік құзыреттілік», «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «модель құрастыру», «әдістеме ұсыну» секілді негізгі кілттік ұғымдардың мазмұнын дәйекті түрде ашқан. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты ізденушінің диссертация тақырыбы диссертация мазмұнында толығымен көрініс табады. Зерттеу жұмысының құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.</p> <p>Кіріспеде автор зерттеу жұмысының өзектілігін, мақсатын және диссертациялық зерттеудің міндеттерін, зерттеу пәнін, теориялық және әдіснамалық базасын ашып көрсеткен.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың <i>бірінші тарауыда</i> «бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні, мазмұны мен құрылымы қарастырылады; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері жан-жақты мазмұндалады, мектеп стандарты мен типтік оқу бағдарламасына талдау беріледі, дидактикалық шарттары қарастырылады.</p> <p>«Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру мазмұны» атты <i>екінші тарауда</i> бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі құрылымдалады, «EnglishLab» (Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы) факультативтік курсы бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешен мен авторлық интерактивті электронды оқу құралының құрылымдық мазмұнына сипаттама беріледі.</p> <p><i>Үшінші тарауда</i> бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-нің қалыптасу деңгейлерін диагностикалық бағалау жүзеге асырылады, кезеңдік әдістемесі сипатталып, тәжірибелі-</p>
--	--	---	--

		<p>эксперимент жұмысының қорытынды нәтижелері баяндалады.</p> <p>Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, қағидалары тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай <i>сәйкес келеді</i>. Зерттеудің мақсаты бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу – диссертация тақырыбымен тікелей ұштасады. Алға қойылған міндеттер нақты, жүйелі және тақырыптың мазмұнын аша отырып, оның құрылымын анықтайды. Әрбір міндет зерттеудің теориялық, модельдік, әдістемелік және тәжірибелік деңгейлерін қамтиды. Бұл мақсат пен міндеттердің зерттеу логикасы, проблемасы және тақырыптың жалпы бағытымен <i>толық сәйкестігін</i> көрсетеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Диссертацияның бөлімдері мен олардың құрылымы өзара логикалық бірізділік негізінде толық байланысқан. Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді көрсетілген. Зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындылардың қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері жасалған ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер – атап айтқанда, шеттілдік коммуникативті құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұныны нақтылау, АҚТ арқылы оны қалыптастыру моделі мен дидактикалық шарттар, «EnglishLab» курсы мен «English for Fun» интерактивті оқу құралы — теориялық негіздер мен отандық және шетелдік әдебиеттерге сүйене отырып салыстырмалы талдаудан өткізілген. Жалпы ғылыми шешімдердің тиімділігі тәжірибелі-эксперимент нәтижелерімен дәлелденіп, ал автор өз шешімдерін бұрыннан белгілі әдістермен салыстыра отырып, олардың артықшылықтары мен жаңашылдығын айқын көрсеткен.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Зерттеу шеңберінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған теориялық ұғымдар жүйеленіп, олардың құрылымы мен мазмұны жаңаша пайымдалған. Сонымен қатар АКТ-ны қолдану арқылы құзыреттілікті кезең-кезеңімен дамытудың авторлық моделі мен дидактикалық шарттары тұңғыш рет ұсынылған. «EnglishLab» факультативтік курсы мен «English for Fun» интерактивті электронды құралы — бұған дейін отандық педагогикада жүйелі түрде зерттелмеген бірегей әдістемелік шешімдер. Бұл нәтижелер педагогикалық ғылымға өзіндік үлес қосатын тың идеялар болып табылады және олардың жаңалығы тәжірибе арқылы расталған.</p> <p>Ізденуші ұсынған зерттеудің қорытындыларының <i>толығымен жаңашылдығы</i> ешқандай күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысы теориялық дереккөздердің жеткілікті көлемін талдауға негізделген, әрі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған деп бағаланады. Қорытындылар автордың теориялық-әдіснамалық негіздемесіне, жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижелеріне және әзірленген әдістемелік құралдарға сүйеніп жасалған. Олар бұрынғы ғылыми еңбектерде кездеспейтін жаңа идеялар мен бағыттарды қамтиды және білім беру тәжірибесіне енгізуге болатын нақты ұсыныстармен нығайтылған.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған техникалық және әдістемелік шешімдер – атап айтқанда, «EnglishLab» атты факультативтік курс, «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралы, және АКТ негізінде оқытуды кезеңдеп ұйымдастыру әдістемесі – бұрын қолданыста болмаған, педагогикалық практикаға алғаш енгізіліп отырған құралдар. Бұл шешімдер білім алушылардың шеттілдік құзыреттілігін дамытуда жаңа тәсілдерді тиімді пайдалануға</p>
----	----------------------------	--	---

		табылады)	мүмкіндік береді және заманауи цифрлық білім беру талаптарына жауап береді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған қорытындылардың негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізілген. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделген</i> .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  <b>1) дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  <b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p>	<p>7.1 Ізденуші тарапынан қорғауға шығарылған 5 қағидат <i>дәлелденген</i>;</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыс аясында қорғауға ұсынылған 5 қағидат <i>тривиалды емес</i>;</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысы аясында қорғауға ұсынылған 5 қағидат <i>та жаңа</i> болып табылады;</p> <p>1. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі деген – коммуникативті өзара әрекеттестіктегі қабілеті болып табылады, өйткені ол меңгерілетін тілдің орфография, фонетика, лексика және грамматикасы, Интернет желісіндегі қарым-қатынас этикасы, компьютерлік технология лексикасы мен тілі меңгерілетін елдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігі саласындағы <i>білімі мен дағдысына</i>, сондай-ақ тұлғалық қатынас барысында сөйлеу іс-әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) <i>іскерліктеріне</i> негізделеді.</p> <p>2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мынада: мұғалімнің жетекшілігімен ақпараттың заманауи құралдары мен жүйесін және интерактивті веб-элементтерді қолдану оқушылардың шетел тілін меңгерудегі сөйлеу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға және меңгерген білім сапасын бақылауға мүмкіндік береді; Интернет желісінде ағылшын тілінде бейне-</p>

			<p>және аудио материалдарды іздеу жүйесінің болуы, электронды кітапханаларда, білім беру сайттарында және порталдарда қосымша әдебиеттермен гипер байланыстың болуы әлеуметтік-мәдени білім мен Интернет-технологиялар саласындағы білімін кеңейтеді.</p> <p>3. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі блоктар жиынтығын (мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық-ісәрекеттік, бағалау-нәтижелік) құрайды және дидактикалық шарттарды (АКТ енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында шетел тілін үйренуге оң мотивация құру; оқу процесіне «EnglishLab» факультативтік курсы және «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын ендіру; мұғалімнің жетекшілігінде АКТ пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілін меңгертудегі өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру) тиімді пайдалану негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» факультативтік курсының оқу-әдістемелік кешені (бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар, жаттығулар мен тапсырмалар жинағы) мен соған бейімделген авторлық интерактивті электронды оқу құралының мазмұны бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға бағдарланады.</p> <p>5. Оқу процесіне тәжірибелі-эксперимент барысында тиімділігі дәлелденген факультативтік курс пен оқу құралын ендіру әдістемесі ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің кезеңдеп қалыптасуын қамтамасыздандырады.</p> <p>7.5 Иә, олар автордың 15 ғылыми еңбегінде көрініс тапқан.</p>
--	--	--	--

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) ия;</b> 2) жоқ	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы аясында нақты жазылған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай талдау, синтездеу, моделдеу, сауалнама, тест жүргізу, педагогикалық эксперимент, оқу үдерісін бақылау, математикалық статистика әдістері қолданылған.</p> <p>Әдіснама негізінде шеттілдік білім берудің жана парадигмасымен ұсынылған когнитивті, тұлғаға бағдарланған, коммуникативті және ақпараттық-технологиялық тәсілдер негізге алынған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен модель нақты ғылыми негізде құрылған және олар тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген. Педагогикалық эксперимент барысында оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік деңгейі бастапқы және соңғы кезеңде салыстырылып, өзгерістер сандық және сапалық талдау арқылы көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеуде ұсынылған әдістеме мен оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігі Астана қаласындағы «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында» тәжірибе барысында нақты дәлелдермен расталған. Бұл нәтиже теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз етеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

		сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Автор 214 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені зерттеу жұмысы аясында «Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды және акпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері анықталған. Соның негізінде аталмыш құзыреттілікті қалыптастырудың моделі жасалып және оның дидактикалық шарттары айқындалып отыр. Автор ұсынған теориялық тұжырымдар отандық және шетелдік ғылыми көзқарастарға сүйене отырып, ғылыми негізде жүйеленген. Бұл нәтиже педагогикалық ғылымдағы тілдік құзыреттілік және цифрлық оқыту мәселелері жөніндегі теориялық базаны толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижесінде жасалған «EnglishLab» факультативтік курсы мен «English for Fun» авторлық интерактивті электронды оқу құралы білім беру мекемелеріне ендіріліп, апробациядан өткізілген. Диссертацияның нәтижелері оқу процесін жаңғырту мен сапалы тілдік білім беруге бағытталған, сондықтан оның практикалық қолдану аясы кең.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ мұғалімдер білімін жетілдіретін институттарда пайдалануға болады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) орташадан төмен;  4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i>. Зерттеуде ғылыми стиль академиялық нормалар сақталады. Тілдік бірізділік, логикалық құрылым, терминологиялық дәлдік сақталған. Автордың қазақ тіліндегі диссертациялық еңбегі мен ағылшын тіліндегі мақалаларының ғылыми тілі нақты, мазмұнды және дәлелді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер	<p>Д.Е. Асылжанованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін он бағалай отырып, дегенмен, кейбір төмендегідей ескертулерге тоқталған жөн:</p> <p>1. тақырып аясындағы терминологиялық түсініктер (мысалы, «құзыреттілік», «интерактивті оқыту» ұғымдары) диссертацияның кейбір беттерінде әртүрлі контексте қолданылған. Оларды біріздендіру зерттеудің теориялық тұтастығын арттыра түсер еді.;</p> <p>2. Интерактивті электронды оқулықтың мазмұны мен құрылымына қойылатын эргономикалық және лингводидактикалық талаптар туралы айтылғанымен, бұл талаптардың нақты қандай халықаралық немесе ұлттық стандарттарға негізделгені жұмыста толығырақ нақтыланса, әдістеменің сенімділігі арта түсер еді.</p> <p>3. Диссертацияда зерттеу нәтижелерінің білім беру ұйымдарына енгізілгені көрсетілгенімен, енгізу әктісі қосымша құжаттар қатарында ұсынылмаған. Бұл құжаттың ресми рәсімделуі қорғау алдындағы құжаттама талаптарына сай болуы қажет.</p> <p>Осы мәселеге баса назар аударылса, диссертациялық жұмыстың мәнділігі арта түседі және бұл ұсыныстар диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.</p>	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	<p>Докторант диссертациялық зерттеу аясында 15 ғылыми мақала (SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 2 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4 мақала; Республикалық ғылыми журналдарда – 2 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 7 баяндама) жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді және ғылыми қоғамдастықта зерттеудің нәтижелерін танытуға мүмкіндік береді.</p>	
13	Қорытынды	<p>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Асылжанова Данагуль Ерболовнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және</p>	

		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, диссертациялық жұмысты қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға болады деп есептеймін.
--	--	---

Ресми рецензент:

Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті,  
философия докторы (PhD),  
қауымдастырылған профессор,  
шетел тілінен даярлаудың  
теориясы мен әдістемесі  
кафедрасының меңгерушісі



Ғ.Б. Саржанова

КОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

